



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҮШТІЛДІЛІК: ӘЛЕМДІК ДАМУ КЕҢІСТІГІНЕ БЕТБҰРЫС**Келдібек Сымбат Еркінбекқызы**symbat.erkinbekk@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші –Б. Ш. Кадрина

Дана халқымыздың «жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген мақалы біздің бүгінгі таңдағы күнімізге де дәл келіп тұрғандай. Қазіргі жаһандану кезеңі жеті тіл болмаса да, әлемдік тілдерді білуді талап етіп отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Халықтары Ассамблеясының XII-сессиясында «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білуі тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет» – деп үш тұғырлы тілді міндеттеп берген болатын. Әрине, мемлекетті киіз үйге теңесек, шаңырақты үш бірдей тіреу болмайды, оны мықты әрі берік етіп ұстап тұруға бір ғана тірек жеткілікті. Яғни, ол – қазақ тілі. Ал жан-жағынан бекітіп, іргесін мықтылауға кереге мен уықтары секілді орыс және ағылшын тілдерінің жоғары. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» демекші, жас ұрпаққа мағыналы, сапалы һәм саналы, өнегелі тәрбие мен білім беру, бәсекеге қабілетті етіп өсіру – бүгінгі күннің қатаң талабы болып отыр. Осы орайда, ел болашағының бағдары оң болуы үшін Президент «Бәсекелестік қабілет», «Цифрлы Қазақстан», «Мәдени ашықтық», «Компьютерлік қабілеттілік», «Жаңа технологияларға бейімділік» секілді факторларға басты назар аударуды жөн көріп отыр. «Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессиялық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы» – деп Елбасы өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясын-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына Жолдауында ағылшын тілін игеруде серпіліс жасау қажеттілігінің маңызына тоқталып өтеді.

Жалпы, үштілділік, үштілділікке өту тиімділігі һәм маңызы жөніндегі идея ең алғаш 2006 жылы Қазақстан Халқы Ассамблеясының XII сессиясында айтылған болатын. Кейіннен 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында Мемлекет басшысы «Үштілділік» жобасын кезең-кезеңімен жүзеге асыра бастау керектігі туралы айтып, ұсыныс жасады. Қазақстандықтардың мемлекеттік тілді әрі қарай дамытып, орыс тіліне қолдау көрсетіліп, ағылшын тілін жаппай меңгеру туралы айтылған ұсыныс көпшіліктің де көңіліне қонымды еді. Осылайша қысқа мерзімді процесс ішінде үштілділікке жіті назар аударыла бастады. 2015 жылы өткен Қазақстан Халқы Ассамблеясының XXII сессиясында дәл осы мәселе кеңінен талқыға түсті. Сессияда Президент қазақ тілін білуге құштарлықтары жоғары еліміздің басқа ұлттарына зор алғысын білдіре отырып, «әлемде Қазақстан халқы үш тілді білетін, жоғары білімді ел ретінде танылуы керек. Бұл: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикамен сәтті ықпалдасудың тілі» – деп алдағы уақытта барлық тілдердің дамуы маңызды екенін алға тартқан болатын. Әрине, үштілділік үдерісіне толықтай өтіп, әлемдік деңгейдегі даму кеңістігіне жатсынбай ене білу – қазіргі заман қажеттіліктерінің бірі. Сол үшін де Нұрсұлтан Назарбаев білім және ғылым министрлігі және спорт министрлігі бірлесе отырып «Үш тілде білім беруді дамыту жол картасын» дайындап, іске кірісуді тапсырған болатын. Осы тапсырма бойынша дайындалған бағдарламалық құжатта 2015-2020 жылдарға арнайы 7 стратегиялық бағыт құрастырылған:

- заңнамалық базаны құру;
- үш тілде білім беру мәселелері бойынша ғылыми қызмет;
- үш тілде білім беруді әдістемелік қамтамасыз ету;

- мамандарды дайындау және білімді жоғарылату;
- үш тілде білім беруді институционалды қолдау;
- үш тілде білім беруді ақпараттық қолдау;
- білімді қаржыландыру.

Жалпы алғанда, үш тілде білім беру бағдарламасының құрылып, жүзеге асырылуы қажеттіліктен туған. Себебі, қазақ тілі мен орыс тілі – біздің қоғамда өміріміздің бір бөлшегі іспеттес. Ал, ағылшын тілі – ғылымның тілі. Әрине, біз көпұлтты қоғамбыз. Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылған, жан-жақты жол ашылған.

«Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» негізгі мақсаты-қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін барынша көтеру, мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу, ағылшын тілінде меңгерту, орыс тілін жетік білу, орыс тілін жетік білу, яғни, үш тілде білім берудің сапасын арттыру.

Қазіргі таңда әлемдік білім беру іс-тәжірибесі бойынша көптілді білім беру таңсық дүние емес. Мысалы, АҚШ-та немесе Еуропаның бірқатар елдерінде билингвалды және көптілді білім беру үшін көптеген іс-шаралар жасалынып жатыр. Және ол мемлекеттердің жетістіктері де жоғары. Мектеп бітірген түлектер мен университет қабырғасындағы студенттердің бір емес, бірнеше тілде еркін сөйлесіп, араласа білуі бұл мемлекеттерде таңсық дүние емес. Мысалы, Люксембург халқының балалары мектепке дейінгі дайындықтан бастап өз ана тілдерінде, мектептегі екінші оқу жылынан бастап француз тілінде, алтыншы сыныптан бастап ағылшын тілінде білім ала бастайды. Және Люксембург тұрғындарының барлығы дерлік, әсіресе, жастары түгелдей төрт бірдей тілде еркін сөйлейді. Бұл – өте жақсы көрсеткіш, жоғары жетістіктің көрінісі.

Жер жүзінде өмір сүріп жүрген 7 миллиард тұрғынның 1,5 миллиарды ағылшын тілін меңгерген болып саналады. Экономикасы ең дамыған мемлекеттер қатарындағы қос бірдей АҚШ пен Ұлыбритания мемлекеттерінің мемлекеттік тілі – ағылшын тілі. Мұнан бөлек, онға тарта мемлекеттің ресми тілі. Әлемдегі бүкіл аудармалардың, ақпарат пен шығармалардың 33 %-ы ағылшын тілінен аударылады екен. Бұл тұрғыда 15 %-ы француз тілі болса, бар болғаны 1 %-ы неміс тілінен аударылады. Осы статистикалық мәліметтерге қарап-ақ, ақпарат алмасу мен білімнің қайнар көзі ағылшын тілінде жатқанын байқаймыз. Ғылым мен білім, бизнес, киномотография, туризм, спорт секілді түрлі салаларда, маңызы жоғары саяси жиындар мен халықаралық қатынастарда, келісімдерде ағылшын тілі қолданылады. Бір ғана ағылшын тілін білетін адам жер жүзіндегі 1 миллиардтан астам адаммен еркін коммуникацияға түсе алады екен. Сонымен қатар интернеттегі ойын-сауық, ақпарат, видео, кино, білім, бағдарламалық жасақтамалардың 80 %-ы ағылшын тілінде. Осыдан-ақ ағылшын тілінің біздің өміріміздегі маңызын көруге болады.

Қазір жаңа технологияның, ақпараттың, ғылымдағы жаңалықтың өте көп екені бәрімізге белгілі. Осы орайда, қазіргі таңда елімізге келген бір жаңа жұмысты аударып, түсінігіне жетіп болғанша сондай жаңалықтың келесі ондығы келіп тұратын көрінеді. Көштен қалмас үшін, бәсекеге қабілетті болу үшін, ғылым мен білімді дамыту үшін ағылшын тілін білудің қажеттілігі осыдан-ақ көрініс табады. Ағылшын тілі – сұранысқа ие қажеттілік.

Жалпы алғанда, көптілді білім – жан-жақты, мәдениетті һәм бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, оны білу және рухани өзекке айналдыру, орыс тілі мен ағылшын тілін білу тұлғаның «сегіз қырлы, бір сырлы болуына» жол ашып, жан-жақтылыққа әсер етеді, ой-өрісін, санасына әсер етіп, көзқарасын қалыптастырады. Қазақ тілін барынша тереңдетіп оқыту және көптілділіктің негізін жолға қою-қазіргі күндегі жалпыға міндетті орта білім беру жүйесіндегі негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Қазіргі таңда мектептерде үш тілде оқыту жобасы жолға қойылды. Негізінен, үш тілде білім беру моделі 2013 жылдан бастап қолға алынып, жұмыстар атқарыла бастады. Осы кезден бастап мектеп қабырғасындағы оқушылар қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бірінші сыныптан бастап оқи бастады. Осы үш тіл анық

таңдалынып алынды және осы тілдердің толық меңгеріліп шығуы нысана болып алынды. Жаңа модель бойынша, 2019-2020 оқу жылдарында қазақ мектебінде 1-9 сынып аралығындағы оқушылар үш пәннен (орыс тілі мен әдебиеті, дүние жүзі тарихы, ағылшын тілі) басқа пәндердің барлығын дерлік қазақ тілінде оқиды. Орыс тілінде білім алатын оқу орындарында да осы жағдай. Дегенмен, 9 –сыныптан бастап химия, физика, биология, информатика, ағылшын тілі пәндері ағылшын тілінде өткізілетін болады. Жаратылыстану ғылымы бағытындағы төрт пәнді ағылшын тілінде оқыту жайында шешімді ата-ана және педагогикалық кеңес ақылдаса отырып шешеді. Білім беру саласында үштілділік бойынша бірқатар шаруалар атқарылып жатыр. 2012 жылдан бері қарай 42 жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілінде оқытылатын топтар құрылып, жұмыс жасай бастады. 2017 жылғы көрсеткіш бойынша арнайы 2393 топта 18000-нан астам студент оқиды. Бұл көрсеткіш жыл сайын арта түспесе, кемірек емес. Қазіргі таңда «Физика», «Химия», «Биология», «Тарих», «Информатика» пәндері бойынша 1700-ден астам адамдар білім алып жатыр. 2017 жылғы статистика бойынша үш тілде білім беру аясында оқып, білім алған, мамандық иесі атанған түлектер саны 8000 адамға жуықтайды. Бұл өз кезегінде білім берудегі мұғалім тапшылығын болдырмайды деген сенімдеміз. Қазіргі таңда мектеп мұғалімдері де жан-жақты дамып, арнайы бағдарламалы курстарды тәмамдап, ағылшын тілін меңгеріп жатыр.

Әрине, үш тұғырлы тіл-біз үшін ақпарат кеңістігіне, әлемдік аренаға шығуға қолайлы теңдессіз құрал болып табылады. Дегенмен, халық тарапынан, мемлекет азаматтары тарапынан «үштілділікке өту арқылы өз тіліміздің мерейін құлатып алмаймыз ба» деген қорқыныштың туғаны рас, ол заңды да еді. «Мейлі он тіл, тіпті жүз тіл білгенің де далбаса, өз ұлтыңның ТІЛІ менен РУХЫ, ой-санана іргетас боп қалмаса» деп Мұхтар Шаханов жырлағандай ұлт үшін, қазақ үшін қашанда №1 орында, дінгек болып қазақ тілі қалатыны анық. Әрі үштілділік бұл тұрғыда қазақ тілінің мәртебесін төмендете алмайтыны анық. Қазақ тілі ығысып шықпақ емес, керісінше даму аясы кеңеймек. Үш тілді меңгеру – білім кеңістігіне жол ашатын үлкен құлыптың бірден-бір кілті болып табылады. Көп тіл меңгеру арқылы өзіміз білмейтін, жаңа, ерекше қайнарларға кезігеміз. Ал, алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, «мен қазақпын!» деп қазақтылықты бойына сіңіріп өскен, қазақы ортада, қазақы қасиетпен өсіп-жетілген бала кейін қанша тіл меңгерсе де өз тілін, дінін, ұлттық құндылығын ұмытпайтын болады.

Үштілділікке ауысу-әлемдік даму кеңістігіне бетбұрыс жасағанымыздың көрінісі. Хакім Абай: «Әр елдің тілін, өнерін білген кісі өзгемен бірдейлік деңгейде сұхбаттаса алады» деген екен. Сол секілді бәсекеге қабілетті, мықты ел боламыз десек, дамып жатқан жылдамдыққа ілесеміз десек- үштілділіктің бізге берері мол. Қазіргі таңда үш тұғырлы тіл саясаты елімізде қарқынды түрде жүргізілуде. Басты міндет- көштің соңында қалмау, «мәңгілік ел» боламыз десек, дамушы отыз мемлекеттің қатарына кіреміз десек, тіл үйрену, ғылымды игеру. Жан- жақты дамыған, саналы, сапалы, бәсекеге төтеп бере алатын қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың, Қазақстанның тұрақты дамуына, көркеюіне өз үлесін қосып, ел игілігіне жұмыс жасай алмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» жолдауы. Егемен Қазақстан, 2008, 7 ақпан.
2. «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Сілтеме: http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-elbasy-nenazarbaevtyyn-kazakistan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. Астана, 2014. Сілтеме: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-

UDC 81'246.3(574)

ТРЕХЪЯЗЫЧИЕ КАК ПРОПУСК В БОЛЬШОЙ МИР

Павловец Алена Александровна

a.pavlovets@bk.ru

Студентка факультета журналистики и политологии, кафедры печати и издательского дела
ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Д. С. Алькеева

“Знать много языков – значит иметь много ключей к одному замку.”
Вольтер

Испокон веков объединяющие этнос ценности – это язык, религия, традиции, культура и конечно же история. Каждый человек должен знать, что любой язык считается как культурный код, который формирует философию жизни человека, его систему ценностей, а также образ мышления. Главной политической ценностью является государство, а культурной ценностью – язык. Наш президент Н.А.Назарбаев заострил большое внимание на языковую политику в стране.

В Республике Казахстан языковая политика берет свое начало с 2007 года, когда в Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» Глава государства предложил начать поэтапную реализацию культурного проекта «Триединство языков». Именно этот момент можно обозначить, как отправную точку новой языковой политики независимого Казахстана, которая сегодня может служить примером для других стран мира по степени популярности в обществе и уровню своей эффективности. Выделение именно казахского, русского и английского языков в качестве приоритетных объясняется следующими словами Президента:

«Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками».

Языковая политика в Казахстане – путь интеграции Казахстана в мировое сообщество. На сегодняшний день в Казахском обществе проводится политика трехязычия, направленная на освоение казахстанцами казахского, русского и английского языков. Политика трехязычия не требует забывать родной язык, наоборот, она возводит казахский язык на первое место, и в будущем большая часть населения должна свободно говорить и излагать свои мысли на казахском языке.

Эту задачу поставил Президент перед молодежью, мы стараемся воплотить ее в жизнь. В начале нынешнего года, выступая с Посланием к народу Казахстана, Президент Н.А.Назарбаев вновь нам напомнил, что для современного казахстанца владение тремя языками – обязательное условие собственного благополучия и залог успешной жизни.

Главная цель программы трехязычия – создать платформу, которая будет основой и началом реализации идеи Президента РК «Мәңгілік Ел». «Мәңгілік Ел» – это создание казахстанского общества, которое может свободно узнавать, осваивать и использовать новости мировой цивилизации, науки и техники, как этого требует современность.

И так трехязычие – это направление, которому сейчас уделяется большое внимание, как со стороны государства, так и со стороны общества. Сегодня проблему трехязычия, методы развития этой программы многие люди видят по-разному. Но нужно помнить о том, что это наша общая задача и ответственность. Потому что мы сегодня, строим свое завтра и нам нужно объединить все наши усилия и идти к цели.

"Казахстан должен знать государственный язык, наш казахский. Второе – русский язык, это язык нашего большого соседа, один из шести языков ООН. Нам нельзя забывать этот язык, нельзя отбрасывать его. Каждый язык – это богатство человека", "Английский